说明书尺寸：105X125mm

VR SHINECON
ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ КӨЗІЛДІРІГІ

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ







1. Фокустық қашықтықты реттегіш.
2. Құрылғының тоғасы.
3. Қарашыққа дейінгі қашықтықты реттегіш.
4. Эргономикалық белдеу.
5. Құлаққаптар.
6. Құрылғының корпусы.
7. Алынбалы панель.
8. Сенсорлы экранның батырмасы.
9. Оптикалық линза.
10. Жасырын микрофон.
11. Дыбысын ұлғайту батырмасы.
12. Кеп функциялы батырма.
13. Дыбысын азайту батырмасы.
14. Былғары өндірме.

Көзілдірікті пайдалану



1 Видео-тестілеуді өткізіңіз

Google Play Market немесе App Store кіріп, қажетті VR-қосымшаны тандап алып, орнатыңыз (бұны Wi-Fi-ға қосылысын пайдалана отырып жасаған жөн). Содан кейін құрылғы экранының екі бөлікке бөлінгенін және контент қалыпты ойнатылатынын тексеріп көру үшін видеоны немесе ойынды жүктеңіз.

2 Смартфонды орнату

Алынбалы панельді ашып (оң жақтағы суретте көрсетілгендей), смартфонды VR-гарнитурага орналастырыңыз, смартфон экраны ортада орналасқанына көз жеткізген соң, панельді жабыңыз.
Экранды қажетті бағытта реттеп алыңыз.





3 Теңшеу

Құрылғыны пайдалану барынша жайлы болу үшін, қарашыққа дейінгі қашықтық пен фокустық қашықтықты реттеп алыңыз.
Фокустық қашықтықты теңшеу алыстан нашар көретін адамдарға құрылғыны пайдалануға мүмкіндік береді.

4 Ойын процесі

VR ойындары кезінде 2 басқару тәсілі бар:
A: VR ойын процесін смартфонның гироскопы көмегімен басты еңкейтіп немесе қисайтып басқаруға болады (оң жақтағы суретте көрсетілгендей)
B: VR ойын процесін 360o-қа айналуға және бұруға мүмкіндік беретін Bluetooth манипуляторы көмегімен басқаруға болады. Ескерту: VR ойындарының көбінде басқару үшін смартфонның гироскопы пайдаланылады. Сізге манипулятор керек пе, керек емес пе екенін білу үшін, ойын талаптарымен және кеңестерімен танысыңыз.

5 Кеп функциялы батырманы пайдалану

Джойстикті пайдалану

Құрылғыны қосу: "Қуат беру" батырмасын басып, LED индикатор жанбайынша, 3 секунд ұстап тұрыңыз.

Жұмыс режимін ауыстыру: жұмыс режимін ауыстыру батырмасын ("@") және тиісті батырманы басып ұстап тұрыңыз.
"Тінтуір" режимі: @+A.
"Мультимедиа": @+B.
'Utile chicken' режимі: @+X.
"iCade" режимі: @+Y.

VR режиміне оралу үшін @ батырмасын басыңыз.
"Тінтуір" режиміне жұмыс істеу Android ОЖ негізіндегі құрылғымен жұмыс істеген кезде тиімді болады.
"iCade" режимінде жұмыс істеу iOS ОЖ негізіндегі құрылғымен жұмыс істеген кезде тиімді болады.

Джойстикті түйіндестіру үшін оны қосқыңыз келетін құрылғыдан Bluetooth қосыңыз, теңшелімдерге өтіп, қосылуға қолжетімді құрылғылар тізімінен джойстикті тандаңыз (SC-B03-XXXX).
Құрылғыны сөндіру: LED индикаторы сөнбейінше, қуат беру батырмасын 5 секунд басып ұстап тұрыңыз.
Құрылғы 30 минут пайдаланылмай тұрса, автоматты түрде сөндіріледі. Егер құрылғы 5 минут ішінде түйіндеспейтін болса, ол автоматты түрде сөндіріледі.

VR режимі: әртүрлі VR қосымшалары.
"Мультимедиа" режимі: әртүрлі ойлесімді қосымшаларды пайдаланыңыз.

Android				
		Android құрылғысы	"VR" режимі	"Тінтуір" режимі
Енгізу		Ойнату/Үзіліс	Ойнату/Үзіліс	Енгізу
Джойстик	Жоғары қарай	-	Жарығын ұлғайту	Жоғары қарай
	Төмен қарай	-	Жарығын азайту	Төмен қарай
	Солға	Басу	Алд. трек	Алд. трек	Солға
	Оңға	Басу	Келесі трек	Келесі трек	Оңға
"@" батырмасы		Ұзақ басу	VR режиміне кіру үшін ұзақ басу	-	-
"Қуат беру" батырмасы		Басу	Ойнату/Үзіліс	-	-
"A" батырмасы		Басу	Дыбысын азайту	Дыбысын азайту	Дыбысын азайту
"X" батырмасы		Басу	Дыбысын ұлғайту	Дыбысын ұлғайту	Дыбысын ұлғайту
"B" батырмасы		Басу	Артқа	Артқа	Артқа
"Y" батырмасы		Басу	Теңшелімдер	-	-

iOS				
		Управление музыкой (@+B)	"VR" режимі
Енгізу		Ойнату/Үзіліс	Ойнату/Үзіліс
Джойстик	Жоғары қарай	Алдыңғы трек	Жарығын ұлғайту
	Төмен қарай	Келесі трек	Жарығын азайту
	Солға	Басу	Алдыңғы трек	Алдыңғы трек
	Оңға	Басу	Келесі трек	Келесі трек
"@" батырмасы		Ұзақ басу	VR режиміне кіру үшін ұзақ басу	-
"Қуат беру" батырмасы		Басу	Ойнату/Үзіліс	-
"A" батырмасы		Басу	Дыбысын азайту	Дыбысын азайту
"X" батырмасы		Басу	Дыбысын ұлғайту	Дыбысын ұлғайту
"B" батырмасы		Басу	-	-
"Y" батырмасы		Басу	-	Артқа

IOS негізіндегі құрылғылар ("iCade" режимі (@+Y))

AppStore-ға кіріп, іздеу жолына "iCade" енгізіңіз. Табылған ойындарға осы контроллер қолдау көрсетеді. Ойындағы басқаруды теңшеу үшін оны құрылғыңызға жүктеп алып, экрандағы ұсыныстарды орындаңыз.

Little chicken ойындары (көлденең бсқару режимі)

Little chicken режимін қолдайтын ойынды жүктеп алыңыз және ойында басқару үшін джойстиктi пайдаланыңыз.

Пернелер комбинациялары

L1=@+X
L2=@+A
R1=@+Y
R2=@+B

Техникалық сипаттамалары

Модель	SC-B03
Өлшемі	43*37*110 мм
Қосылу	Bluetooth 3.0 және одан жоғары
Жұмыс алыстығы	2-10 м
Қолдау көрсетілетін ОЖ	Android, iOS
Батарея түрі	AAA7 стандартты батарея
Жұмыс уақыты	40 сағатқа дейін
Электр қуат беру	0.5-8 мА

Маңызды ақпарат

- VR көзілдірігін ұзақ тағу көру қабілетіңізге зиян келтіруі мүмкін, үздіксіз пайдаланудың ұсынылатын уақыты — 30 минуттан аспайды.
  Көру ыңғайлы болу үшін кресло арқалығын 60° бұрышпен орнату керек.
- Кейбір Android құрылғыларының соңғы пайдаланылған Bluetooth құрылғыларын анықтаған кезде автоматты қосылу функциясы бар. Егер джойстик қалаған құрылғыңызға қосылмаса, оның бұрын пайдаланылған құрылғыға қосылып тұрмағанын тексеріңіз.
- Егер джойстикті бұрын қосылған құрылғыға қосылу жұмысында іркілістер байқалса, түйіндесуді қайтадан орындаңыз. Bluetooth жұмысында кедергілерді болдырмау үшін джойстикке қосылатын құрылғыдағы Wi-Fi сөндіріңіз.
  Егер контроллердің жұмысында іркілістер байқалса, батареяны шығарып, қайта жүктеңіз.
- Индикатордың төмен жарығы батарея зарядының төмендігін білдіреді. Құрылғы қолайсыз сәтте сөніп қалмас үшін оны ауыстырыңыз.

Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілді қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:
https://www.dns-shop.ru/technical-support/

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе қосымша бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Қалдықтарды бақыланбайтын шығару нәтижесінде қоршаған ортаға әлеуетті зиян келтірмеу үшін, бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылуы тиіс.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Шайнкон Индастриал Ко., ЛТД.
Шибэй тас жолы №9, Танли Фэнган, Дунгуань қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Өнім ерекшеліктері, ол туралы ақпарат, оның жиынтықталымы мен функционалы пайдаланушы алдын ала хабардар етілмей өзгеруі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Құрылғы өндірілген күні, кепілдік және пайдалану мерзімдері құрылғының қаптамасында көрсетілген.

v.1